

2009 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұымдастыру және қаржыландыру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы N 25 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 20 ақпанда N 7-7-83 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы N 17 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2010.01.05 N 17 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңдарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Заңын іске асыру бойынша шаралар туралы" 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысын басшылыққа алып, еңбек нарқындағы жағдайды жақсарту және аудан ұйымдарынан түскен сұраныс пен ұсыныстарды ескере отырып, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Зеленов ауданы бойынша 2009 жылғы қоғамдық жұмыстардың түрі, көлемі, нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері, қаржыландыру көзі және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын ұйымдардың тізбелерін қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен қоғамдық жұмыстарды өткізуге жұмыс берушілерден өтініш түскен жағдайда осы қаулыға өзгеріс енгізу туралы әкімдікке ұсыныс әзірленсін.

3. Аудан әкімдігінің "2008 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" 2008 жылғы 19 мамырдағы N 188, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде N 7-7-65 нөмірімен тіркелген және 2008 жылғы 19 шілдедегі аудандық "Ауыл тынысы" газетінде жарияланған) және аудан әкімдігінің қаулысымен 2008 жылғы 22 тамыздағы N 336 "2008 жылғы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" 2008 жылғы 19 мамырдағы N 188 қаулысына толықтырулар енгізу туралы", (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу N 7-7-70 нөмірімен тіркелген және 2008 жылғы 19 шілдедегі аудандық "Ауыл тынысы" N 37 газетінде жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г. М. Құлжановаға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ғ. Қапақов

Аудан әкімдігінің 2009 жылғы
9 қаңтардағы N 25 қаулысына
N 1 қосымша

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2009.07.16 N 309 Қаулысымен.

**Зеленов ауданы бойынша 2009 жылғы
қоғамдық жұмыстардың түрі, көлемі,
нақты жағдайлары, қатысушылардың жалқы
мөлшері, қаржыландыру көзі және қоғамдық
жұмыстарды ұйымдастыратын мекемелердің
тізімі**

N п / п	Мекеме- лердің тізбесі	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Бағдарлама бойынша қоғамдық жұмысқа таратылады, адам	Қаржының көзі
1 · 2 ·	Аудан бойынша Ауыл округтері	1. Елді мекендерді санитарлық тазарту, көгаландыру және абаттандыру, орман саябағы шаруашылығын қорғау және дамыту. 2. Жол салуда, жөндеуде және күтудегі қосалқы жұмыстар. 3. Тұрғын үйді, әлеуметтік-мәдени саладағы объектілерді жөндеудегі қосалқы жұмыстар. 4. Әлеуметтік-мәдени саладағы объектілерді қысқы жағдайдағы жұмысқа дайындаудағы қосалқы жұмыстар. 5. Республикалық және аймақтық қоғамдық шараларға қатысу (қоғамдық ой-пікірін сұрастыру, халықтың санағын және малбасының есебін алу, референдум мен сайлау өткізу, мүлікті жариялау, әлеуметтік карталар мен құжаттарды құру, күзгі және көктемдік қарулы күштер қатарына шақыру т.б.). 6. Көлемдік мәдениеттік шараларға қатысу (спорттық жарыстар, фестивальдар, балалар спорт алаңдарын тұрғызу т.б.). 7. Селолық округтерінің аумағындағы үй-малбасы мен төлдердің есебі.	346	Жергілікті бюджет

кестенің жалғасы

N п / п	Мекеме- лердің тізбесі	Қоғамдық жұмысқа бөлінген қаржының жалпы қоры, млн.теңге		Қоғамдық жұмысқа қатысқан 1 адамның төлемақысының мөлшері теңге	Жұмыстың көлемі
		Жалақы млн.тг.	Соның ішінде демалыс өтем ақысы млн.тг.		
					221760 172184

1.	Аудан бойынша	19.380	1.6	13717	5280
2.	Ауыл округтері				10560
					5280
					14896
					3000
					10560

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК